

Террористік қауіп-қатердің деңгейлері белгіленген кездегі тұрғындардың әрекет тәртібі бойынша ҰСЫНЫСТАР

Бірқалыпты «сары»

- қоғамдық орындар мен көліктерде оғаш мінезді және күдікті адамдарға, қараусыз қалған сөмкелерге, коробкаларға, оралған заттарға, қапшықтарға, әсіресе олардан сымдар және техникалық құрылғылар көрініп тұрса, назар аударыңыз;
- сақтауға және тасымалдауға күдікті заттарды қабылдамаңыз;
- қараусыз қалған заттарды қозғаудың қауіптілігін жан-жағыңызға түсіндіріңіз;
- құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құжат тексергеніне түсіністікпен қараңыз және оларға қолдау көрсетіңіз;
- ағымдағы жағдай туралы жаңалықтан хабардар болыңыз;
- үрейге берілмеңіз.

Жоғары «ҚЫЗҒЫЛТ сары»

- «сары» деңгейдегі қажетті әрекеттер туралы есте сақтаңыз;
- жеке басыңызды куәландыратын құжаттарыңызды әрдайым және барлық жерде өзіңізбен алып жүріңіз;
- аса қажеттілік болмаса халық көп жиналған жерлерге барудан бас тартыңыз;
- қосымша шығу жолын табу үшін өзіңіз орналасқан ғимараттың сызбанұсқасын зерделеніз;
- көлемі үлкен жүкті алып жүруден бас тартыңыз;
- отбасы мүшелерімен төтенше жағдай орын алған кезде әрекет ету тәртібін талқылаңыз;
- өз үйіңіздің таныс емес адамдар мен автокөліктердің пайда болуына назар аударыңыз.

Шекті «ҚЫЗЫЛ»

- алдыңғы деңгейлердің талаптарын орындаңыз («сары» және «қызғылт сары»);
- террористік қауіптілік деңгейі белгіленген аймақтарға барудан бас тартыңыз;
- балалардың көшеде болуын шектеңіз;
- болуы мүмкін эвакуацияға дайын болыңыз, алғашқы қажеттілік заттарын әзірлеп қойыңыз;
- теледидар мен радиоқабылдағышты ұдайы қосулы ұстаңыз;
- шындыққа сай келмейтін және тексерілмеген ақпараттың таралуына жол бермеңіз;
- егер сіз террорист болуы мүмкін адамның жанында болып қалсаңыз, онда қылмыскердің сыртқы келбетін, оның ерекшелік белгілерін және мінез-құлық мәнерін есте сақтауға тырысыңыз. Бұл ретте оларды тоқтатуға тырыспаңыз, олардың көзіне қарамаңыз, оларды фото және бейнеге түсірмеңіз.

Террористік қауіп-қатердің белгіленуі мен өзгертілуі туралы ақпарат халыққа құзыретті мемлекеттік органдармен ғаламтор желісі, теле және радиобаар, сонымен қатар SMS жіберу арқылы жүзеге асырылады